



ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ НЫҒАЮЫНА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Чехияның Сыртқы істер министрі Ян Липавскиді қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сыртқы саясат ведомствосының басшысына ілтипат білдіре отырып, Қазақстан мен Чехия арасында достық пен өзара құрметке құрылған көпжылдық әрі нәтижелі ынтымақтастық қалыптасқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы министрдің сапары екі ел арасындағы көпжақты қарым-қатынастың нығаюына тың серпін беретініне сенім білдірді. Оның айтуынша, Қазақстан Еуропа Одағындағы маңызды серіктестерінің бірі

саналатын Чехиямен тығыз ықпалдастық жасауға бейіл.

Президент екі елдің сауда және инвестициялық байланыстарын одан әрі дамытуға мол мүмкіндік бар екеніне назар аударып, еліміздің чех инвесторларына алдағы уақытта да қолдау білдіруге дайын екенін айтты.

Өз кезегінде Ян Липавски кездесуге мүмкіндік жасағаны үшін Мемлекет басшысына ризашылығын білдіріп, Чехия Президенті Петр Павелдің Қасым-Жомарт Тоқаевты


Прагаға ресми сапармен келуге шақырғанын жеткізді.

Чехия Сыртқы істер министрі қарқынды экономикалық байланыстар қазақ-чех ынтымақтастығының негізі саналатынына назар аударды. Ян Липавски өнеркәсіп, «жасыл» даму талаптарына көшу және энергетика салаларын бірлескен жұмыстың басым бағыттары ретінде атап өтті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ян Липавски өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Чехия Президенті Петр Павелге ізгі тілегін жеткізді.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Қасым-Жомарт Тоқаев Гвинея-Бисау Президенті Умару Сисоку Эмбаломен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Гвинея-Бисау арасындағы қарым-қатынастың даму перспективасын талқылады.

Президенттер екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға бейіл екендерін растап, өзара ықпалдастықтың басым бағыттарын қарастырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Умару Сисоку Эмбалоны өзіне қолайлы уақытта Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

Сондай-ақ президенттер халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

СЕКСЕУІЛДІ ОТАУ ОҢАЙ, ЖАҒУ ҚИЫН



5

ҮЙ МЕН КҮЙ: ХАЛЫҚТЫ БАСПАНАМЕН ҚАМТУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?



7

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҒЫЛЫМДА



Әлемдегі ең беделді энциклопедия – жер жүзінің ең айтулы ғалымдардың қатысуымен шығарылатын «Британника» энциклопедиясы. Керек десеңіз, осы энциклопедияның «Силур» кезеңіне қатысты мақаласында «Қазақстания» микроконтиненті бір емес, үш мәрте аталады. Осы «Британникада» арнайы карта да берілген. Онда Лавразия, Балтика, Беренция, Сібірмен бірге Палеотетис теңізінің үстінде тұрған Қазақстания микроқұрлығының атауы да, орналасқан жері де тайға таңба басқандай анық көрсетілген. Бұдан артық қандай дәлел керек?!

Құрлықтар миллиардтаған жылдар бұрын пайда болғанымен, олардың атаулары біздің заманымызда шыққан. Осыны ажырата білу керек. Мәселен, Лаврентия континенті негізінде кейін Солтүстік Америка құрлығы қалыптасқан. Ол осы күнгі АҚШ пен Канада аумағындағы Әулие Лаврентий өзенінің атауынан шыққан. Өзенге мұндай атауды 1535 жылы француз зерттеушісі Жак Картье берген, ал Лаврентия құрлығы 350 миллион жыл бұрын пайда болған. АҚШ пен Канадада ешкім «бұл қалай?» деп шу шығарып жатқан жоқ.

6
БЕТ



ЛАСҚА

«ЖАНЫ ҚАС» КОДЕКС

Бүкіл ТМД кеңістігінде Қазақстан – су ресурстарымен ең аз қамтылған мемлекеттің бірі екені бұрыннан айтылып келеді. Алайда кейінгі 5 жылда сол азын-аулақ судың үлкен бөлігі жарамсыз болып қалғаны енді белгілі болды.

Су ресурстары министрлігінің мәліметінше, елде «өте ластанған» деп есептелген су қоймаларының үлесі 2019 жылғы 30%-дан 2023 жылы 40%-ға жетті. Ластануы жалғасқан. Сондықтан сарапшылар Президент тапсырмасымен әзірленген Су кодексі жобасына үмітпен қарайды.

4
БЕТ

22 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

СЕНАТ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
КЕЛІСІМ ҚАРАЛАДЫ

Кеше Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 24 қазан күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті және палатаның алдағы жұмыс жоспарын пысықтады.

Күн тәртібіне сәйкес алдағы бейсенбіде Сенат отырысында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заң қаралады.

Келісім Арал бассейніндегі экологиялық ахуалды жақсартуды көздейтін бірлескен іс-шаралар әзірлеуге, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты дамытуға және екі елдің қарым-қатынасын одан әрі арттыруға бағытталған.

Сондай-ақ Бюро отырысында палата депутаттарының «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

басшылығымен болатын алдағы кездесуіне қатысты мәселелер талқыланды. Аталған іс-шарада мемлекеттік қолдауға ие болған кәсіпкерлік субъектілерінің басым жобалары жөнінде сөз қозғалмақ.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, Мемлекет басшысы Қазақстанның кәсіпкерлік белсенділігін арттыруға үнемі ерекше мән беріп келеді. Осы ретте Президент көтерген мәселелерді жан-жақты зерттеп, талқылап, оларды шешу жолында бірлесіп әрекет еткен жөн.

Сондай-ақ бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін тұрақты комитеттерге бөлініп берілді.

400 ОҚУШЫ «АТАМЕКЕН»
ӘНІН ШЫРҚАДЫ

Республика күніне орай қала мектептерінде «Туған елім – Қазақстаным» атты ұлттық патриоттық сезімді оятатын әндер бойынша мегачеллендж басталды. Бастама бойынша білім беру ұйымдарының оқушылары рухты көтеретін патриоттық әндерді орындайды.



Мегачеллендж аясында Астанадағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінде төрт жүз оқушы Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін шырқады. Мұндағы мақсат – жас ұрпақтың отансүйгіштік, ұлтжандылық, ел мен жерге деген құрметін арттыру. Сонымен қатар мереке күніне орай кеше білім беру ұйымдарында барлық сыныптар арасында «Республикам – мақтанышым» атты сынып сағаттары өтеді. Онда оқушылар танымал адамдармен кездесті.

«Республика күні – біздің басты ұлттық мерекеміздің бірі. Бұл біз үшін айрықша мағынаға ие. Астана қаласы Білім басқармасы мереке қарсаңында білім беру ұйымдарында іс-шаралар ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Басты мақ-

сат – оқушылардың бойындағы отансүйгіштік, ұлтжандылық сезімдерін ояту», – деді Астана қаласы Білім басқармасының баспасөз хатшысы Аяжан Амантайқызы.

Оның айтуынша, аталған челлендж 24 қазанға дейін жалғасып, барлық мектептерді қамтиды.

Айта кетейік, 25 қазан күні елімізде Ұлттық мереке – Республика күні атап өтіледі. Осы айтулы күннің құрметіне Астанада 100-ден астам мәдени-бұқаралық, білім беру, спорттық және әлеуметтік іс-шара өткізіледі. Олардың арасында мерекелік концерттер, көрмелер, балаларға арналған көрнекті нысандар бойынша экскурсиялар, дөңгелек үстелдер, ұлттық спорт түрлері бойынша турнирлер және басқа да көптеген іс-шаралар бар.

РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ
ЖАППАЙ ЖҮГІРІС ӨТТІ

Елордадағы «Көктал» саябағында Республика күніне орай спортсүйер қауым арасында жаппай жүгіріс өтті. Спорттық іс-шараға қаланың 500-ге жуық тұрғыны қатысты.

«Бұл спорттық іс-шара, ең алдымен, халық арасында салауатты өмір салтын дамытуға, сондай-ақ нашакорлыққа қарсы күреске бағытталған», – деді Сарыарқа ауданы әкімдігінің қызметкері Дамир Хисматуллин.

Марафон «Көктал» саябағынан басталып, Бейбарыс Сұлтан көшесінде жалғасты. Жарыста кейбір қатысушылар Marvel комикс кейіпкерлерінің жарқын костюмдерімен танғалды. Мысалы, Өрмекші

адам және Бэтмен кейіпкерлерінің костюмдерін киген қатысушылар жарыстың қызығын келтірді. Жарысқа қатысқан спортсүйер қауым бірнеше санатта бақ сынасты. Балалар арасында 14 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздар, ересектер арасында 18 бен 49 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер және 50 жастан асқан тұрғындар қатысты.

14 жасқа дейінгі ұлдар үшін қашықтық – 2 шақырым, ал қыздар үшін – 1 шақырым. Қалған санаттағы қатысушылар бірдей қашықтықты 5 шақырым жүгірді.

«Мен жарыстарға Астанада ғана қатыспаймын. Марафон өте жақсы өтті, қатысқанымға қуаныштымын. Мен үшін ерқашан физикалық жағдайымды бағалау маңызды және осындай іс-шарамен спорттағы нәтиже жақсарды», – деді марафонға қатысушы Данияр Ахтанов.

Сонында балалар мен ересектер арасындағы марафонға қатысушыларды марапаттау рәсімі өтті. Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері алғысхат пен медальдарға, сондай-ақ бағалы сыйлықтарға ие болды.

ҮЗДІК ФОТОБАЙҚАУ
ЖАРИЯЛАНДЫ

Республика күні қарсаңында Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы және «Жастар конвенті» ЖҚ әлеуметтік желілерде «Фотокамерадан қала тұрғындарының өмірінен үздік көрініс» байқауын жариялады.

Бұл байқау арқылы елорда тұрғындары арасында қоғамдық сананың деңгейін арттыру, мәдени коддымызды нығайту және шығармашылық әлеуетті дамыту көзделді. Қатысушылар өздерінің күнделікті өмірінен, ерекше сәттерінен, тұрғындардың мәдениеті мен дәстүрінен туындаған фотосуреттерді ұсынып, елорда өмірінің әркімнің көріністерін көрсету мүмкіндігіне ие болмақ. Байқау мақсаты – Елорда тұрғындарының өмірінің сәттерін, күнделікті тіршілігін, мәдениетін, әдеп-ғұрпын және ерекше көріністерін фото арқылы көрсету.

Фотолар оригиналдылық пен креативтілік; фотосуреттің тақырыпқа сәйкестігі; техникалық сапасы; көркемдік мәні мен мазмұны критерийлері бойынша бағаланады. Сондай-ақ жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталады.

«АМАНАТ СУР» ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРИ АЯҚТАЛДЫ

25 қазан – Республика күніне орай ұйымдастырылған «АМАНАТ» партиясының кубогіне арналған «АМАНАТ СУР» XXII Республикалық пікірсайыс турнирі аяқталды. Қызылорда қаласында бастау алған турнирдің ақтық сайысы тартысты өтіп, ең мықтылар анықталды.



«АМАНАТ» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанаты мен Ұлттық пікірсайыс федерациясы ұйымдастырып жатқан турнирдің финалдық ойындарына Парламент Мәжілісінің депутаттары Сағат Нұрғазы, Болат Керімбек, Максим Рожин, журналист, «Уәде» тележобасының авторы Ерболат Мұхамеджан, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, «АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов және «Жастар Рухы» төрағасы Ақерке Искандерова, сондай-ақ жергілікті мәслихат депутаттары мен қоғам белсенділері қатысты.

Турнирдің Америкалық парламенттік формат ойындарының финалында «Қорқыт ата» фракциясы – Жәкен Нұрхан, Жәкен Нұркен (Алматы қаласы мен Ақтөбе облысынан құрылған команда) мен «Ақеспе» фракциясы – Әлішбаев

Мұхаммедәлі, Есенов Темірлан (Алматы қаласы) кубокты ортаға салса, Линкольн-Дуглас форматында Жәкен Нұркен мен Есенов Темірлан үздік спикерлікке таласты.

Ақтық сайыста төрешілік еткен журналист, «Уәде» тележобасының авторы Ерболат Мұхамеджанның айтуынша, зияткер, сөзге шешен жастардың пікірін ашық білдіруіне мүмкіндік беру керек делді:

– «АМАНАТ СУР» бұл – пікірсайыс үшін дұрыс дәстүр қалыптастырып келе жатқан турнир. Ерекшелігі – жыл сайын Қазақстанның әр өңірінде өтуі. Бұл әр аймақта пікірсайыстың дамуына деген серпін. Осы сынды турнир көп болуы керек, әрі қарай дамуы керек. Тек «АМАНАТ» партиясы ғана емес, басқа да партиялар күш жұмылдырып, ықпал етуі керек деп ойлаймын. Болашақ мықты саясаткерлерді, кадрларды қалыптаста-

руда пікірсайыстың маңызы зор, – делі Ерболат Мұхамеджан.

Екі күнге жалғасқан ойын нәтижесі бойынша қазақ лигасында «АМАНАТ СУР» кубогы мен 600 000 теңгені Алматы қаласының «Ақеспе» фракциясы (Әлішбаев Мұхаммедәлі, Есенов Темірлан), 400 000 теңгеммен ІІ орынды Алматы қаласы мен Ақтөбе облысынан құралған «Қорқыт ата» фракциясы (Жәкен Нұрхан, Жәкен Нұркен), ал Алматы облысынан «Райым» фракциясы (Бейсенәлі Құбыла, Жақсылық Ботагөз) жүлделі ІІІ орын мен 200 000 теңгені қанжығаларына байлады.

Сонымен қатар орыс лигасында кубок пен 600 000 теңгені Павлодар облысының «Қосжар» фракциясы (Жақсылық Бекхан, Итегулов Ақылжан), астаналық «Құмбазар» (Ролан Мұхитжан, Құнанбай Бердалы) 400 000 теңгеммен ІІ орынды, ал жүлделі ІІІ орын мен 200 000 теңгені



Қызылорда облысының «Амангелді» фракциясы (Бекжан Айзере, Төлбей Ердаулет) қанжығаларына байлады.

Жастар қанаты әзірлеген турнирде Темірлан Есенов (қазақ лигасы), Жақсылық Бекхан (орыс лигасы) «Үздік спикер» номинациясын, «Үздік төреші» атағын қазақ лигасынан Архат Сарсенбаев пен орыс лигасынан Айжан Орынбасар иеленді.

2024 жылғы «АМАНАТ СУР» жеңімпазы, «Ақеспе» фракциясының спикері Темірлан Есенов турнирден алған әсерімен бөлісті:

«Биылғы «АМАНАТ» партиясының кубогіне арналған «АМАНАТ СУР» XXII Республикалық пікірсайыс турнирі қатысушылар арасында өте тартысты өтті. Осыған дейін өзге өңірлерде өткен турнирлерге қатысқан болатынмын. Міне, биыл кубокты иелену бұйырған екен. Жоғары ұйымдастырушылық деңгей

мен әділ төрешілік үшін «Жастар Рухы» және Ұлттық пікірсайыс федерациясына рахметімді айтамын. Шын мықтылар сөз таластырған қызықты турнирге куә болдым. Сөзге шешен, тәуелсіз пікірі қалыптасқан жастар қатары көбейе берсін», – делі Т. Есенов.

Турнир үшінші жыл қатарынан «Жастар Рухы» серіктесі Ислам ынтымақтастығы ұйымы Жастар форумының Еуразиялық өңірлік орталығының қолдауымен өтуде.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Қазақстанның барлық аймағынан келген пікірсайысшылар Қызылорда қаласында 3 000 000 теңге көлеміндегі ақшалай жүлдемен кубокқа таласты. Турнирде 120 жастан жиналған 60 фракция (қазақ-орыс) Британдық, Америкалық және ЛД форматында ойнады.

Әсет САМАТҰЛЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫ ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫН

Алдымызда қылышын сүйретіп алты ай қыс келеді. «Біздің жақта қыс ұзақ» деп шығыстың төл перзенті Оралхан Бөкей ағамыз жазғандай, оған өте үлкен мұқият дайындық керек. Мұнда тек жылыту маусымына ғана емес, жол-көлік қатынасы, ауыл шаруашылығы, энергетика саласына да көңіл бөлу қажет. Соның ішінде ең бірінші кезекте элеуметтік нысандар тұр.

Шығыста күн ерте суитынына байланысты мұнда жылыту маусымына дайындық қыркүйек айының басынан басталып кеткені белгілі. Ал елді мекендерге жылу 1 қазаннан беріле бастады. Абай облысы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының хабарлауынша, бүгінде білім беру, денсаулық сақтау және өзге де элеуметтік нысандарға, сондай-ақ орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған тұрғын үйлерге 100% жылу жеткізілген. Бюджеттік ұйымдардың 330 автономды қазандықтарына 20 мың тоннадан астам көмір жеткізілген. 52 денсаулық сақтау нысанына көмір жеткізу келісімшарттары аяқталу сатысында. Сондай-ақ Аягөз ауданындағы «Аягөз жылу» МКҚК, ЖК «Дюсембаева», «Айгүл+К» ЖШС субсидиялауға бюджеттік өтімдер берілді.

Барлық қоймаларда көмір қорын күн сайын толықтыру жалғасуда. Өңірде ол 27 аймақтық оператор және 8 теміржол учаскесі арқылы сатылады. Облыстың теміржол түйіктерінде 12,5 мың тонна көмір бар. Соның ішінде Семейде – 10 мың тонна, Курчатова – 0,5 мың тонна, Аягөз ауданында – 1 мың тонна, Бородулиха және Жарма аудандарында – әрқайсысы 0,5 мың тоннадан. Ал облыстың жылу қазандықтарында 93 мың тонна көмір бар. Бұл жылдық қажеттіліктің 16 пайызын құрайды. Барлық жылу көздері 10 күндік қосымша көмір қорымен қамтамасыз етілген.

Жылу маусымына дайындық аясында 2024 жылы өңірде 37,9 шақырым жылу желілері мен 17 жылу көздерін салуды, қайта жаңғырту және жөндеуді қамтитын 28 жоба іске асырылуда. Жыл соңына қарай 29 шақырым желі мен 17 жылу көздеріндегі жұмыстарды аяқтау жоспарлануда. Бұл жылу желілерінің тозу деңгейін 64,2%-дан 59,7%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Жалпы, Абай облысында жылу беру маусымы қалыпты деңгейде өтуде. Жұмыстар облыс басшылығы мен Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының тұрақты бақылауында. Мәселен, Абай облысының әкімі Нұрлан Ұрғанбаев ауыл-аудандарға сапары кезінде инфрақұрылымдар жұмысына жиі назар аударады. Соның бірі – өткен айда Семей қаласындағы білім ошақтарының алдағы жылу маусымына дайындығын тексерді. 2024 жылғы мектеп қазандықтары үшін көмірге жалпы сұраныс 14 348 тоннаны құрап отыр. Барлық білім мекеме-



леріне жеткізуге келісімшарт жасалды. Сондай-ақ 72 тонна сұйық отын жеткізу ұйымдастырылды. Аймақ басшысы №12 және №49 мектептердің жылу қазандықтарының жұмысын танысты. №12 мектепке жақында екі жаңа қазандық орнатылған болса, №49 мектептің қазандығында вентилятор ауыстырылған. Бұдан бөлек, қазандықтардың кірпіш қабырғасы жаңартылып, қазандықтарды қаптау жұмысы жүзеге асырылған. Бүгінде Семей қаласында жеке ғимараты бар ведомстволық бағынысты 88 мемлекеттік мекеменің 63 нысаны орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Қалғандарында көмір (20 нысан), дизельдік отын (2 нысан) және электрмен жылыту (4 нысан) пайдаланатын автономды қазандықтар бар.

Сондай-ақ облыс әкімінің орынбасары Димитрий Гариков та қыркүйек айында жылыту маусымына дайындықты бақылау мақсатында ауыл-аудандарды аралады. Ол Семей қаласы, Жарма және Аягөз аудандарында болып, істеп тұрған және құрылысы жүріп жатқан нысандарды тексерді. Мәселен, Қарағайлы шағынауданындағы блок-модульді қазандығының құрылысын, «№5 мектеп-интернаты», «МЭН», «35 квартал», «Ветеринария институты», «РК-3», «ЖЭО-1» қазандықтарында, Шуак кентінде, Аягөз қаласында болып, қазандықтар, жылу желілері мен құрылыс алаңдарындағы жұмыстардың барысын тексерген облыс әкімінің орынбасары мердігерлерге жұмыстарды дер кезінде, әрі сапалы аяқтау жөнінде тапсырмалар берді.

Абай облысында қысқа дайындық барысында қауіпсіздік мәселелеріне де назар аударылып отыр. Соның бірі – халықтың элеуметтік осал топтарының тұрғын үйлеріне улы газ датчигін орнату. 5 075 құрылғыны кезең-кезеңімен орнату жоспарлануда. Бұл жұмыстар бүгінде мерзімінен бұрын аяқталды. Былтырғы жылмен салыстырғанда халықтың элеуметтік осал топтарына жататын отбасылар саны 36 пайызға азайды. Соған сәйкес биыл жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен қосымша 3 453 улы газ датчигі сатып алынып, орнатылды. Түзетілген тізімдерге сәйкес биыл Бородулиха, Жарма, Ақсуат аудандарында қосымша 1 061 датчик орнату қажет. Сондай-ақ Семей қаласы мен Жаңасемей ауданында 1 685 датчик орнату жұмыстары жалғасуда.



Жалпы, 2022 жылдан бері облыста 8 528 улы газ датчигі орнатылған. Бұл ауқымды жұмыс элеуметтік жағынан осал отбасылар тұратын 11 274 үйдің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Әсіресе, орнатылған датчиктердің дер кезінде әрекет етуінің арқасында Бесқарағай, Көкпекті және Бородулиха аудандарында 14 адамды, оның ішінде 9 баланы аман алып қалу мүмкін болғанын ерекше атап өткен жөн.

Ауыл шаруашылығында да қысқа дайындық жоспарлы түрде жүзеге асты. Ең бірінші кезекте, Абай облысы бойынша бидай жинау аяқталды. Жинау алаңы 239 мың гектар, 359 мың тоннадан астам бидай бастырылды. Орташа есеппен өнімділік 15,0 ц/га құрады, бұл былтырғы жылғы деңгейден 4,3 ц/га жоғары. Ал 294,7 мың гектар алқаптан дәнді және бұршақты дақылдар жиналды. Сондай-ақ облыс бойынша күзгі дақылдарды себу толығымен аяқталды. Себілген алаң – 6,7 мың гектар. Қазір бидай 5,24 мың гектарға, қара бидай 1,42 мың гектарға егілді. Биыл топырақтың ылғалды және құнарлы болуына байланысты келер жылы өнімділік көрсеткішінің 21 ц/га-ға дейін өсуі жоспарлануда. Жалпы, Абай облысында егін шаруашылығы 749,5 мың гектар аумақты алып жатыр. Оның 299 мыңы – дәнді дақылдар, 295,8 мыңы – майлы дақылдар, 5,8 мыңы – картоп, 5,4 мыңы – көкөніс, 143,5 мыңы – мал азығы. Ауыл шаруашылығы техникасы паркінде 13,9 мың трактор мен 3,8 мың комбайн бар.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы жануарларына жем дайындау жұмыстары да қарқынды жүруде. Шөп дайындау жоспары 99,5%-ға, пішен 100%-ға, сүрлем 90,9%-ға, сабан 100%-ға, жем 93,2% орындалған. Салмағына қарай айтар болсақ, 1 720,0 мың тонна шөп, 48,8 мың тонна пішен, 53,9 мың тонна сүрлем, 85,1 мың тонна сабан, 109,8 мың тонна құнарландырылған жем дайындалған.

Жиналған егінді сақтау үшін облыста жалпы сақтау көлемі 206 мың тонна болатын астық қабылдау кәсіпорындары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арналған сыйымдылығы 870,9 мың тонна болатын астық сақтау қоймалары бар. Бұл қуаттар болмаған егін көлемін сақтауды толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Нұрлан СӨРСЕНҒАЛИҰЛЫ

ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

2024 жылғы 21 қазанда Ақтөбе облысында Республика күні мерекесі қарсаңында «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасы бойынша Талдысай ауылында 100 орындық жаңа мектептің салтанатты ашылуы өтті. Жаңа білім ошағы заманауи талаптарға сай жабдықталған.



Салтанатты іс-шараға Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Қазыбек Әлішев қатысып, ауыл тұрғындарын жаңа мектептің ашылуымен құттықтады.

«Осы күнге дейін балалар 30 жылға жуық кеңес дәуірінен қалған көне ғимаратта білім алып келген болатын. Бүгін «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасына енген 100 орындық орта мектептің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Республика күні қарсаңында ашылған білім ошағымен жерлестерімді құттықтаймын. Ұл-қыздарымыз сапалы білім алуы үшін оларға қолайлы жағдай жасауымыз керек», – деп атап өтті Мәжіліс депутаты Қазыбек Әлішев.

Жаңа ғимаратта жоғары сыныптарға арналған 10 пән кабинеті, 3 интерактивті тақта, 30 компьютер және толық жабдықталған зертханалар бар. Сонымен қатар мектепте спортзал, асхана және мектеп ауласында спорттық ойындарға арналған екі алаң мен балалар ойын алаңы орналасқан.

Жаңа мектеп Талдысай ауылының оқушылары үшін сапалы білім алуға қажетті барлық жағдайды қамтамасыз етеді.

МӘСЕЛЕ

22 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

Бүкіл ТМД кеңістігінде Қазақстан – су ресурстарымен ең аз қамтылған мемлекеттің бірі екені бұрыннан айтылып келеді. Алайда кейінгі 5 жылда сол азын-аулақ судың үлкен бөлігі жарамсыз болып қалғаны енді белгілі болды. Су ресурстары министрлігінің мәліметінше, елде «өте ластанған» деп есептелген су қоймаларының үлесі 2019 жылғы 30%-дан 2023 жылы 40%-ға жетті. Ластануы жалғасқан. Сондықтан сарапшылар Президент тапсырмасымен әзірленген Су кодексі жобасына үмітпен қарайды.

Айхан ШӘРІП

Су кодексінің жаңа жобасы бойынша жұмысқа Мәжіліс 2024 жылғы 14 ақпанда кіріскен болатын. Содан бері құжат пысықталып жатыр. Депутаттардың асықпауының мәнісі түсінікті: манызды кодекс бірер жылға қабылданбайды, ондаған жыл қызмет етуге тиіс. Мысалы, онда жанбыр суын ақылы ету ұсынылып отыр. Алайда салаға жауапты шенеуніктер жауын-шашынды қалай есепке алуға, оның суын қалай сақтап, тазартуға болатынын өздері де ұғына алмапты.

Кодекс бойынша жұмыс тобының басшысы, Мәжіліс депутаты «AMANAT» фракциясының мүшесі Павел Казанцевтің айтуынша, жобаның Парламентке кірген үкіметтік редакциясында жергілікті атқарушы органдарға жанбыр суына тариф белгілеу құзырын беру қарастырылды.

– Бірақ біз шатырдан сорғалаған суды қалай жинау, есепке алу керектігін де білмейміз. Мұны білмесек, орталықтандырылған түрде емес, әр үй, әр мекеме жеке жинайтын ол судың тазалығын қалай анықтаймыз? Жанбыр суы үшін кімнен қанша ақы жинауымыз керек? Сонымен бірге ондай суды жинауға, өңдеуге, сақтауға біреу жауапты болуы қажет. Жаһандық тәжірибе көрсеткендей, жанбыр суын сақтап, тазалап, пайдалануға болады, – деді жұмыс тобының жетекшісі. Оның айтуынша, осы және басқа да күрделі, күрмеулі проблемалар талқыланып жатыр.



Алайда күн тәртібінде бұдан да манызды мәселелер тұр. Су саласының маманы, инженер Ғалымжан Омаровтың түсіндіруінше, Қазақстанда су ресурстарының тиімсіз пайдалануының бірнеше себебі бар.

– Егін шаруашылығында су көп рәсуаланады. Басқаны айтпағанда, кей жерде суды егістікке құбырмен емес, қолмен қазылған арнамен жеткізу тәжірибесі сол бойы қолданылады. Ол су жол бойы топыраққа сіңеді. Елде су объектілерін өндіріс орындары, тұрмыстық қалдықтар, кәріз сулары ластанып жатыр. Соның ішінде, әсіресе тау-кен өндіру, металлургия, химия өнеркәсібі кәсіпорындары, ауыл шаруашылығы, коммуналдық қызметтер су атаулыны қарқынды ластайды. Содан Қазақстанда ішуге жарамды су объектілері жыл сайын азайып келеді. Республикадағы жерүсті суларының басым көпшілігі санитарлық-гигиениалық нормаларға сәйкес келмейді, – деді Ғ.Омаров.

Сарапшының мәліметінше, Қазақстанда 17,5 мыңға жуық көл бар. Оның тек 13 мыңы – тұщы. Мұның сыртында шамамен 9 мыңға жуық көл жазда күйіп қалады. Өзендер мен ірілі-ұсақ бұлақтардың саны 170 мыңнан асады екен.



ЛАСҚА «ЖАНЫ ҚАС»

КОДЕКС

Алайда соның ішінде тек төртеуі – Есіл, Ертіс, Жайық пен Сырдарияның ғана ұзындығы 1 мың шақырымнан көп және елді мекендерді ауызсумен қамтудың тұрақты көзі саналады. Өкінішке қарай, олардың ішінде Есілден басқасының бастаулары – Қазақстанда емес. Көршілер олардың бойына қаптырып бөген салып тастаған. Солар арқылы суағынын жапса, қазақстандық бөлігі толық құрғап қалады.

ОТЫЗ ЖЫЛДА СУСЫЗ ҚАЛМАЙЫҚ ДЕСЕК

Су ресурстары және ирригация министрлігінің мәліметінше, су ресурстарын тиімсіз пайдаланудың негізгі себептеріне – өндіріс орындарында суды шектен тыс көп шығындайтын технологияларды қолдану, суды нысаналы жеріне тасымалдау кезінде үлкен бөлігін жоғалту, су жинау құрылыстарының суды есепке алу жүйелерімен жете жақтандырылмауы жатады.

– Бұдан бөлек, кәсіпорындарды озық су үнемдеу технологияларын, сумен кері және қайталама жабдықтау

суларының ауқымды ластану ошақтары Ақтөбе – Алға, Павлодар – Екібастұз, Қарағанды – Теміртау, Жамбыл – Қаратау, Шымкент, ШҚО, Семейдің аумақтық-өнеркәсіптік кешендерінің аумағында тіркелген.

«Антропогендік ластану – өзендердің, су қоймаларының, көлдер жүйелерінің тозып, деградациялануының негізгі себептерінің біріне айналды. Адамдардың, өндіріс орындарының айналасын ластану су түбінде улы шөгінділердің қордалануына, су өсімдіктері мен жануарлардың ағзасында ластанушы заттардың жиналуына соқтырды. Улы заттар ауызсу және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау көзі ретінде пайдаланылатын, су биологиялық ресурстарының тіршілік ету ортасы саналатын су объектілерінің сапасын нашарлатады», – деді Су ресурстары министрлігінің мамандары.

Соңғы бес жылдағы статистикалық мәліметтерге жүгінсек, 2019 жылы Қазақстанның бүкіл су қоймаларының 30%-ы «өте ластанған» деп есептелген. 2023 жылы бұл көрсеткіш 40%-ға жетті. Мұндай алапат қарқынмен небәрі отыз жылда елдегі барлық судың 90 пайыздайы қатты ластанған болып шығуы мүмкін. Кейбір өзенде адам және жануарлар денсаулығына залалы зор ауыр металдар деңгейі рұқсат берілген нормадан 2-3 есе жоғары. 2022 жылдан бері су қоймаларының эвтрофикациясына соқтыратын нитраттар, фосфаттар мөлшері артқан.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығы – ластанудың негізгі көзі болып отыр. Бір жыл ішінде су объектілеріне түскен ластанушы заттардың 60%-ынан астамы өнеркәсіптің еншісінде. Ұлы даланың табиғаты мен

анықталған. Биылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 479,9 мың тоннаға 5 ұйғарым шығарылыпты.

ЗАҢНЫҢ ЖАУЫ – ЖҰМСАҚ ЖАЗА

2019 жылдан 2024 жылдың 1 жартыжылдығы аралығында мемлекеттік бақылау аясында 445 субъектіге тексеру жүргізілді. Қорытындысында 1 202 бұзушылық анықталып, мемлекет пайдасына 40 млн 114,9 мың теңге ғана өндіріп алынған. Бұл жазаның тым жұмсақтығын көрсетеді және заң бұзушыларды кемшілігін жоюға немесе жөнсіздігін қайта жасамауға еш ынталандырмайды.

Қазір Әкімшілік кодекстің 359-бабының бірінші бөлігі бойынша «Судың ластануын және қоқыстануын немесе олардың зиянды әсерін болғызбайтын құрылыстар мен құрылғыларсыз, кәсіпорындарды, коммуналдық және басқа да объектілерді пайдалануға бергені» үшін жеке тұлғаларға – 20 АЕК, шағын кәсіпкерлерге – 40 АЕК, орта кәсіпкерлік нысандарына – 70 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 400 АЕК айыппұл ғана салынады.

358-баптың екінші бөлігі бойынша «Суды ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды, сондай-ақ су режимінің жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ететін гидротехникалық, технологиялық, орман-мелиорациялық, санитариялық және басқа да іс-шараларды жүргізбегені» үшін жеке тұлғалар – 20 АЕК, шағын кәсіпкерлер – 34 АЕК, орта кәсіпкерлік кәсіпорындары – 100 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілері – 140 АЕК айыппұлмен жазаланады. Ең жоғарғы жаза 516 880 теңге айыппұл ғана.



Соңғы бес жылдағы статистикалық мәліметтерге жүгінсек, 2019 жылы Қазақстанның бүкіл су қоймаларының 30%-ы «өте ластанған» деп есептелген. 2023 жылы бұл көрсеткіш 40%-ға жетті. Мұндай алапат қарқынмен небәрі отыз жылда елдегі барлық судың 90 пайыздайы қатты ластанған болып шығуы мүмкін.

суын ең көп ластанушы аймақтар арасында Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары антилидер болып қалды.

Ластанушылардың көбі лайықты жазасыз қалады. Қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 358-бабы бойынша судың ластануының және қоқыстануының алдын алу аясында 2019 жылдан 2024 жылдың 1-жартысы арасында бассейндік инспекциялар небәрі 9 бұзушылықты анықтады. Атап айтқанда, 2019 жылы – 1, 2020 жылы – 1, 2021 жылы – 6, 2022 жылы – 1, 2023 жылы – 0, 2024 жылдың 1 жартыжылдығында 5 бұзушылық

Сондықтан тіпті жаза тартқан кәсіпорын-компаниялар су заңнамасының талаптарын жүйелі түрде бұза береді. Мысалы, 2023 жылы лас суларын өзенге төккені және канализациялық коллекторлардағы апатты жою жоспарын жүзеге асырмақ түгілі, тіпті әзірлемегені үшін ірі кәсіпкерлік субъектісіне – «Қарағанды Су» ЖШС-ына қатысты Әкімшілік кодекстің 425-бабының 1-бөлімі бойынша әкімшілік құқықбұзушылық хаттамасы толтырылып, 1 600 АЕК (5,5 млн теңге) айыппұл салынған. Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті жоспардан тыс тексеріс жүргізе келе, «Қарағанды су»

ЖШС-ның лас ағынды суын тазалаусыз Кіші Бұқпа өзеніне төккенін растады. Кезінде балығы тайдай тулаған бұл өзен «өлі» су қоймасына айналып барлады.

Алайда Су ресурстары министрлігінің дерегіне, «Қарағанды су» сондай-ақ Әкімшілік кодексінің 358-бабының екінші бөлігі бойынша заң бұзушылыққа жол берген. Сонысы үшін 2024 жылы жауапкершілікке тартылды. Яғни, министрлік сарапшыларының айтуынша, оларға «тісті шара қабылдау орнына азын-аулақ айыппұлды төлеген жеңілдік». Сол себепті ведомство Су кодексі және салалық заңнаманы жетілдіру аясында айыппұлдар көлемін екі еседен астамға ұлғайтуды ұсынып отыр. Бұл шара су қатынастары субъектілерінің жауапкершілігін арттыруға ықпалын тигізеді деп есептейді.

Соның ішінде Әкімшілік кодексінің 358-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікті қатаңдатып, айыппұл көлемін жеке тұлғаларға – 140 АЕК, шағын кәсіпкерлерге – 280 АЕК, орта кәсіпкерлік нысандарына – 490 АЕК, ал ірі кәсіпорындарға – 980 АЕК-ке (биыл 3,6 миллион теңге) дейін арттыру ұсынылды. Парламент құп көрсе, өзге баптар бойынша да айыппұл көлемдері ауқымды түрде өспек.

АЙҚЫН МАҚСАТ НАҚТЫ ІСТЕРМЕН ҰШТАССА...

Салалық министрліктің хабарлауынша, су заңнамасын жетілдіру аясында қолға алынатын шаралар жағдайдың

жақсаруына септесуі тиіс. Бұл тұрғыда келесідей нысаналы индикаторлар белгіленіпті. Біріншіден, магистралдық және шаруашылықаралық арналар арқылы тасымалдау кезінде ауыл шаруашылығында су шығынының үлесін 2026 жылы – 43%-ға, 2027 жылы – 39%-ға, 2028 жылы – 35%-ға дейін кеміту көзделген.

Екіншіден, қайтарымсыз су тұтынуы және өнеркәсіптегі жеткізу кезінде шығындардың деңгейі 2026 жылы – 24%-ға, 2027 жылы – 23%-ға, 2028 жылы – 22%-ға дейін түсірілмек. Үшіншіден, экономика салаларында суды қайта пайдалану көлемі 17 пайыздан 28 пайызға дейін ұлғайтылуы қажет. Төртіншіден, иесіз жатқан гидрогеологиялық ұңғымалар санын 2 256-дан 1 800 бірлікке дейін азайту жоспарланған.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің түсіндіруінше, Су кодексі және оған ілесіп заң жобасы бірқатар кең ауқымды жаңашылдыққа жол ашарды. Оларды Үкімет Мәжіліс депутаттарымен бірге пысықтауын жалғастырды. Бұл шаралардың нәтижесінде, елімізде суды пайдаланудың қауіпсіз деңгейі қамтамасыз етіледі. Сол арқылы азаматтардың өмір сапасын сақтауға, экономиканың орнықты дамуына, қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік болады.

Жаңа Су кодексіне суды үнемдеуге үлкен мән-маңыз беріледі. Мысалы, пайдаланушылар су ресурстарын ұтымды қолдануға, су үнемдеуші технологияларды ендіруге, ағын суын қайталама қолдану жүйесін қосуға, ауызсуды мақсатынан тыс пайдаланбауға міндеттеледі. Суды қайталап пайдалану жүйелері жок ұйымдар, бірінші кезекте өндіріс орындары мен ауыл шаруашылығы субъектілері соған көшу жоспарын ұсынуға тиіс. Заң бұзғандарға айыппұл салынады, демеуқаржыдан қағылады. Су үнемдеуші технологияларды ендірген кәсіпорындар соны енгізу дәрежесіне қарай субсидиялар мен судың арзандатылған тарифтері түрінде мемлекеттік қолдау көреді.

Салалық министрлікке тегеурінді құзырлар беру қарастырылған. Мәселен, оның бассейндік инспекциялары мемлекеттік бақылау сыртында, қадағалау (тіісінше, жазалау) функцияларына ие болады.

Сонымен бірге жаңа кодексте ауызсу сапасын жақсарту талаптары пайда болмақ. Ауызсу эпидемиологиялық, радиациялық және химиялық тұрғыдан қауіпсіз болуға тиіс. Осы орайда орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелеріне техникалық аудит жүргізу тәртібін айқындайтын бап қосылды. Тағы бір жаңа бап сумен қамту және кәріз жүйелерін дамыту жоспарларын әзірлеудің қағидаларын сипаттайды.

Каспий теңізінде мұнай мен газды барлап, өндіру, түбінен емдік батпақ пен тұз алудан басқа келген жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізуге тыйым салынбақ. Алғаш рет Су кодексіне сулы-батпақты алқаптарды және мұздықтарды қорғау туралы жеке бөлімдер қарастырылады. Қорыта айтқанда, құжат жүзінде бәрі мықты болған тұрғандай. Ең бастысы, жанарған заңнама талаптары іс жүзінде пәрменді шаралармен әдіптелсе құба-құп.

СЕКСЕУІЛДІ ОТАУ ОҢАЙ, ЖАҒУ ҚИЫН

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жалпы мораторий жарияланғанға дейін Жамбыл облысы Мойынқұм, Сарысу және Талас аудандарының халқы сексеуіл жағып, қыстан шыққан еді. Алайда 2013 жылы жарияланған мораторий 2018 жылға дейін тұрғындарды тұсаулап қойды. Бес жылдық белгіленген шектеу шаралары 2018 жылы аяқталды деп күткенімен, Үкімет мораторийді тағы бес жылға созып, бұқараны қос бүйірден қысты. Былтыр мораторий мерзімі аяқталуға тиіс болатын. Алайда халыққа сексеуіл кесуге тағы рұқсат берілмеді. Мұны түсінбеген бұқара биыл ашуға бұлығып отыр.

— Мораторий уақыты былтыр аяқталды. Алайда қыста сексеуіл кесуге рұқсат берілмеді. Әкімдіктен сұрай барғанымызда «Үкімет мораторий мерзімін тағы бес жылға созып жатыр» деген ақпарат айтты. Бірақ мораторийдің ұзартылғаны туралы ресми құжатты көргеніміз жоқ. Биыл да билік өкілдерінен мән-жайды сұрай барсақ, тағы жағдайды ашып айтпауда. Сонда бұны қалай түсінуге болады? Сексеуіл кесуге шектеу қойылған арнайы құжат болмас да билік өкілдері бізге сексеуіл жақтырмайды ма? Былтыр мейлі құжаттары рәсімделіп, сексеуіл кесуге болатын орындар белгіленіп жатқан шығар деп ойладық. Енді биылғысы не тірлік?


Жасыратыны жоқ, қазір көпшілік мораторий мерзімі аяқталды деп отыр. Сондықтан қысқа алдыңғы жылдардағыдай қамданбайды.

Шындығын айтқанда, биыл қыста тұрғындар «сексеуілді еркін жағамыз» деген үмітте. Бірақ әкімдік тарапынан әлі күнге бір байламды ақпарат айтылмауда. Бүйте беретін болса, Үкіметке сеніп қысқа қамданбаған халық ертен қиналатыны анық, — дейді Мойынқұм ауданының тұрғыны Ерлан Құдабаев.

Иә, шындығында санаға салмақ салатын жағдай екен. Егер мораторий мерзімі аяқталып, оны тағы ұзартқаны туралы бұйрық шықпаса, билік бұқараға сексеуіл кесуге неге рұқсат бермей отыр?

— Рас, былтыр мораторий мерзімі аяқталуы керек еді. Алайда министрлік тарапынан мораторий уақыты тағы

Қылышын сүйреткен қыс мезгілі жақындаған сайын халық жылыту маусымына қамданатыны белгілі. Көгілдір отынмен күн көрген қалалықтардың қамы түсінікті болса, шалғайдағы ауыл тұрғындарының жағдайы қиын. Олай дейтініміз — 2013 жылдан бастап сексеуіл отынын кесуге жарияланған мораторий ауылдағы ағайынды тезек тергізгі, қарағай жағуға мәжбүрледі. Нәтижесінде, көпшілік «мораторий қашан аяқталады» деген үмітпен Үкіметке көз тігуде. Биыл енді жағдай қалай болмақ? Сексеуіл кесуге рұқсат беріле ме? Әлде тағы да тұрғындар өз күнін өзі көре ме?



ұзартылатыны туралы ақпарат келіп, халыққа сексеуіл кесуге рұқсат берілмеді. Бірақ бұл шектеу ресми бұйрықпен бекітілген жоқ. Әйді Жамбыл облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау бөлімінің басшысы Әділ Жақыпов.

Бөлім басшысының сөзінен кейін «шірік сексеуіл болса да жаңа жылу» деп қуанып қалғанбыз. Алайда оның да теңгесін төлемесен, орманшылар жеткізіп бермейді екен.

— Қазір өр отбасына 4 текше метр шірік сексеуілге өтінім беруге рұқсат етілуде. Бірақ ол тегін берілмейді. Өтінімге қарай орман шаруашылығы мекемелері жеткізу құнын есептеп төлемін белгілейді. Алдыңғы жылдары тасымал құны 10-11 мың теңге аралығында болған. Биыл да осы баға төңірегінде болады деп жоспарлануда. Егер өтінім беруші аталған қаржыны төлесе, орманшылар 4 текше метр шірік отынды жеткізіп береді, — дейді бөлім басшысы Әділ Жақыпов.

Бір қырынан қарасаң, 10-11 мың теңге қалта қағатындай сома емес. Алайда тұрғындардың айтуынша, мұндай мүмкіндік өтінім берушіге бір-ақ мәрте беріледі екен. Ал 4 текше мерт сексеуілмен бір қыстан шығу мүмкін емес.

— Осы сексеуілге қатысты мәселенің соңы жылда айқай-шуға ұласуда. Қазір шірік отынға өтінім қабылданып жатқан 4 текше метр сексеуілмен бір қыстан шығу қиынның-қиыны. Өткен жылдары да осы 4 текше метр сексеуілге өтінім қабылданғанымен, оны орман шаруашылығы мамандары жеткізіп беремін дегенше қыстың бел ортасы болды.

Өйткені өтінім берушілердің саны өте көп. Содан «бірінші маған әкел», «сенің менен қай жерің артық» деген сияқты талас-тартыс болып кетті. Биыл енді қалай болатыны белгісіз. Халықты қырық пышак қылмай, осы сексеуілдің шірігі болса да тұрғындардың өзіне жинауға рұқсат берілсе бұқараға көп демеу болар еді, — дейді Мойынқұм ауылының тұрғыны Қаршыға Тілеужан.

Иә, осылайша халық көкейіндегісін айтуда. Алайда санаулы орманшылар

тұтас аудан тұрғындарына шірік сексеуіл отынын жеткізіп береді деп айту қиын. Сондықтан халық мораторий жарияланған жылдары көмір жағуды қолға алған. Алайда оның да бағасы сан құбылып, жығылғанға жұдырық болуда. Мәселен, былтыр Мойынқұм ауданында көмір бағасы күн жылыда 12-15 мың теңгеден саудаланса, қыс қаһарына мінгенде 25-30 мың теңгеге дейін шарықтаған. Бір қыстан шығу үшін кемі 10 тонна көмір қажет болса, сонда халық 300 мың теңгеге қатты отын сатып алуы қажет. Ол көмір өзіңінен жанбайтыны тағы белгілі. Қатты отынды қыздыру үшін сексеуіл жаңқасы қажет. Оны өтінім беріп, тағы қосымша ақшаға сатып аласың. Ол сексеуіл де бір қысқа жетеді деп ешкім кепілдік бере алмайды.

Облыс орталығынан шалғай орналасқан Мойынқұм ауданында Жамбыл, Амангелді, Құмөзек, Талдыөзек, Байтал, Шығанақ, Назарбек, Көктерек, Биназар, Хантау, Мойынқұм, Ақбакай сынды ауылдар осы таңға дейін ең болмаса шірік отын мен көмір жағып күнелтсе, Мынарал мен Қашқантеңіз ауылдарында жағдай тіптен қиын. Мұнда сексеуіл отыны сирек өсетіндіктен, одан шірігі қалуы екіталай. Сондықтан тұрғындар баялыш шөбін теріп, соны жағалы. Ал баялыш шөбі тез жанып кететіндіктен, оның қуаты көпке жетпейді. Сол себепті халық жаз бойы тезек теріп, қарағай жинайды. Оның да жылуы шамалы. Тезек бықсып жататын болса, қарағай «лап» етіп жанып кетеді. Содан тұрғындар тасымал құны екі-үш еселенген қымбат көмірге барып ұрынады. Егер Үкімет Мынарал мен Қашқантеңіз тұрғындарына бар сексеуілді кесіп жағуға рұқсат берсе, бұқараның жағдайы шамалы болса да түзелер еді.

Сарысу ауданындағы Шығанақ, Камқалы, Жайлауқөл сынды ауыл тұрғындарының да күні көмірге қарап отыр. Аталған елді мекендер де аудан орталығынан шалғай орналасқандықтан әрі жолдың нашарлығынан көмір тасымалдаушылар бағаны шарықтатып өсіріп жіберген.

Қазір Жамбыл облысында көгілдір отынмен қамтылған ауылдардың саны 50 пайыздан әзер асады. Мойынқұм мен Сарысу аудан бөлек, өзге аудандардың да орталығына газ жеткенімен, шалғай елді мекендеріне әлі күнге көгілдір отын құбыры тартылмаған. Тіпті, тоғыз жолдың торабында орналасқан Шу ауданының өзінде бүгінгі күнге дейін көгілдір отынға қосылмаған ауылдар бар. Сондықтан ондағы халықтың да күні қарағай мен тезекке қарап, тілеуі сексеуіл кесуге рұқсат беру болып отырғаны анық. Енді оны биыл Үкімет қалай шешетіні белгісіз.



ЗИЯТКЕРЛІК ХАБ РЕТІНДЕ ДАМУҒА ҚАДАМ

Еуразия ұлттық университетіне бірер жыл бұрын Үкімет қаулысымен зерттеу мәртебесі беріліп, оқу орнының 2022-2026 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілген еді. Соған сәйкес, университеттің ғылыми инфрақұрылымын кеңейтуге мықтап көңіл бөліне бастаған болатын. Аталмыш бағдарлама аясында Абай облысы Курчатова қаласындағы «Ядролық технологиялар паркі» акционерлік қоғамы университет балансына берілді. Мұнда мамандарды даярлаумен қоса, ғылыми-зерттеу жұмыстары қатар жүреді. Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға көңіл бөлінеді. Кәсіпорында студенттер практикалық дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, ғылыми жұмыспен айналысып келеді.

Университет бүгінде халықаралық рейтингтің 36 түріне қатысады. Мысалы, биыл QS World University Rankings халықаралық рейтинг агенттігінің бағалауы бойынша университет 321-орынға тұрақтады. Білім ордасы QS Asia рейтингіне сәйкес, Азиядағы үздік 50 жоғары оқу орнының қатарында. QS Sustainability тұрақты даму рейтингінде де нәтиже жақсы. Ал былтыр университет QS Stars рейтингіне алғаш рет қатысып, 4 жұлдыз алды. Қысқасы, ЕҰУ-дың әлемдік рейтингтегі орны елдегі біраз университеттен көш ілгері. Даму стратегиясы

шенберінде оқу орны ғылымға, инновацияға, коммерцияландыруға, бәсекеге қабілетті арттыруға студенттер мен оқытушылар үшін инновациялық экожүйе құруға баса назар аударады. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейінде ғылыми білім беру мен бизнестің өзара іс-қимылын нығайту сынды басқа да жұмыстар атқарылып жатыр.

Ұлттық университеттің перспективалы жобаларының бірі ретінде «ЕНУ-Град»

кампусының құрылысын айтуға болады. Шағын қалашық аумағына оқуға, ғылыми-зерттеуге, спорттық-сауықтыруға, демалысқа таптырмайтын жайлы орындар және технопарк салу жоспарланған. Мұндай шешімді университет басшылығы студенттердің жыл сайын көбейетінін ескере отырып қабылдады. Әрі ЕҰУ-дың зерттеу университеті мәртебесіне ие болып, ғылыми әлеуетінің нығаюы да студенттерге арналған қалашық салуға негіз болды.

Университеттің ғылыми қызметі 6 ғылыми-білім беру кластері негізінде

үйлеседі. Оның ішінде физика ғылымдары және ядролық технологиялар, математика және ақпараттық технологиялар, биология, биомедицина және биотехнология, химия және жер туралы ғылымдар, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар, инженеринг сынды бағыттар бар. Ғылыми инфрақұрылым 30 ғылыми-зерттеу институтынан тұрады. Университетте отандық ғылымның барлық басым бағыты бойынша бәсекеге қабілетті зерттеу топтары жұмыс істейді. Халықаралық деңгейде көптеген ғылыми жоба іске асады. Шетелдік серіктестердің қатарында АҚШ, Ұлыбритания және басқа да елдердің жоғары оқу орындары бар.

Еуразия университетінің ректоры Ерлан Сыдықов осыған дейін бірегей, озық үлгідегі студенттік қалашық салып, студенттер мен оқытушыларға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру — университеттің басым бағыттарының бірі саналатынын айтқан еді. Бүгінде мемлекеттік және жеке серіктестік аясында студенттік жатақханалар салуға инвесторлар тартылған. Расымен, студенттерді жайлы жатақханамен қамту мәселесі мемлекеттік деңгейде көтеріліп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев назар аударған еді. Еуразия университеті бұл мәселені инвестиция арқылы шешуге күш салып отыр. Мысалы, биыл инвесторлардың қаражатына салынған 400 орындық студенттер үйі пайдалануға берілді. Кейінгі үлгідегі жаңаша дизайнмен салынған жатақхана ең бастысы студенттерге жайлы әрі қауіпсіз. Биылғы оқу жылында университет инвесторлардың қаражаты есебінен 2 500 орындық тағы бір жаңа студенттер үйінің құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр.

Жоғары оқу орнын дамытудың басым бағыттарының қатарында МВА/ЕМВА бағдарламаларын іске асыруды атап өтуге болады. Бұл — заманауи білімі мен дағдылары бар, процестер мен кадрлық активтерді басқаруға, компанияның стратегиясын қалыптастыруға, стратегиялық және жедел міндеттерді анықтауға қабілетті басқарушы кадрларды даярлайтын бағдарламалар. Университет осы бағытты күшейту үшін халықаралық бизнес мектебін құруға қадам жасалды. Бұдан өзге, ЕҰУ базасында тұрақты білім беру орталығын құру, ғылыми-зерттеу жұмысымен

айналысатын ғалымдар санын 50%-ға дейін ұлғайту, жас ғалымдардың үлесін 60%-ға көбейту сынды жоспарлы міндеттер іске асып келеді. ЕҰУ мұнымен тоқтамай, халықаралық аккредиттеуден және сертификаттаудан өткен білім беру бағдарламаларының үлесін ұлғайтуға, QS WUR әлемдік рейтингінің топ-200-ге кіруге, рейтингтік басшылықтардағы жарияланымдардың өсуіне, жас ғалымдарды көбейтуге, коммерцияландыратын жобалар санын өсіруге ниетті.

Университетте 2 000-нан астам профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлер бар. Олар еңбегіне сай қаржылай ынталандырылып келеді. Университет басшылығы қызметкерлердің әл-ауқаты мен еңбек жағдайларын жақсартуға әрқес назар аударады. Кейінгі үш жылда профессор-оқытушылар құрамының жалақысы 30 пайызға өсті. Университеттің жалпы кірісінің қалған бөлігі оқу процесін қамтамасыз етуге бағытталады. Мысалы, оқу құралдарын, зертханалық жабдықтарды сатып алуға, материалдық базаны жаңартуға, дәріс өткізуге қажетті басқа ресурстарға, соның ішінде коммуналдық қызметтер мен мәдени іс-шараларға, студенттерді жұмысқа орналастыруға және басқа да шығындарға жұмсалды.

Биыл бізге мемлекеттік тапсырыс бойынша 4 214 студент оқуға түсті. Олардың ішінде 590 «Алтын белгі», 908 үздік аттестат иегері және 14 халықаралық және республикалық жобалардың жүлдегерлері бар. Талантты да дарынды жастарды оқуға тарту — біздің стратегиялық басымдықтардың бірі. Сондай-ақ университетке Астана қаласы әкімінің қаулысы негізінде жергілікті атқарушы органның қаражаты есебінен гранттар берілуде. Биыл Еуразия ұлттық университеті ғылым мен инновацияны дамытуға бағытталған зерттеу университеті ретіндегі орнын мықтап бекітуге көңіл бөледі. Экономиканың нақты секторларына маман даярлап қоймай, жаһандық міндеттерді шешуге бағытталған цифрлық және зияткерлік хаб ретінде дамуға қадам басып отыр.

Ардақ БЕЙСЕНБАЙ,
ЕҰУ-дың академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

Елімізде бір баспанаға қолы жетпей, жалдамалы пәтерде тұрып жатқан жандар қаншама?! Олардың көпшілігінің тұрақты жұмысы мен айлық табысы болғанымен, еңбекақысы күнкөріс қамынан, пәтер пұлынан артылмай, жеке үй сатып алуға қалтасы өтпеді. Осыдан келіп несие алуға бел буады немесе ипотекалық тұрғын үйге өтініш қалдырып жатады. Бір жағынан алып қарағанда қалтасы жұқа қарапайым халық үшін бүгінде осы екі жолдан артық шешім болмай тұрғаны ақиқат. Алайда бұл тағы да қарызға батырып, ай сайын тапқан табысын бала-шағасының аузынан жырып, банктерге төлеуге еріксіз мәжбүрлейді.

А **Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
Қызылорда облысы

ЖАЛҒА БЕРЕТІНДЕРДІ ДӘУРЕНІ ЖҮРІП ТҮР

Жоғарыда айтып өткеніміздей, «өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деп айту арманға айналған адамдар төменгі айлық табысқа жұмыс істеп жатқан қарапайым халық. Себебі бүгінде тұрғын үй бағасы шарықтап тұр. Көп жағдайда қарапайым тұрғынның айлық табысы баспана сатып алудан артылмайды. Ал кейбіреулер бір-екі немесе одан да көп пәтер, болмаса бірнеше жер телімін алып, екі-үш бөлмелі сарай тұрғызып, осы арқылы оңай ақша тауып жүр. Ал ипотекалық үйлерге келсек, бұл бүгінде көбімізге тығырықтан шығудың тиімді жолына айналды. Бірақ тиын санаған халыққа оңайлы болып көрінгенімен, шотқа қакқанда оған ондаған жыл бойына төленетін қарыздың құны қымбатқа түсетінін айғаксыз аңғаруға болады. Ол үшін сол пәтердің құны мен несие-нің пайызын белгіленген жылдарға шаққанда көз жеткізесіз.

Жалпы, тұрғын үйге қолжетімділік алқымнан алған тұста оның бағасының жыл санап шарықтауы көпшіліктің көңіліне қаяу түсіруде. Мұндай ахуал Сыр өңірінде де асқынып тұр.

Соңғы жылдары елімізде тұрғын үй құрылысы қарқын алып келеді. Оның ішінде Қызылорда облысының да үлесі басым. Соның негізінде өңірде ипотекалық, арендалық үйлердің саны артып, халық қоныстойын тойлап жатыр. Алайда оның бағасы қалтаға қолайлы болып тұр ма? Көпшілікті толғандыратыны да осы мәселе.

Негізінен, облыс орталығы құн санап көркейе түсуде. Соның ішінде сәні мен салтанаты Астана мен Алматыдан кем түспейтін тұрғын үйлер көптеп салынып жатыр. Соңғы жылдары көктем мен күз айларында жана пәтердің кілтін алып, қоныстойын жасаушылар қатарының артуы соған айқын дәлел.

Бірақ осы тұста сапа деген дүние тағы да санылаудан сығалайды. Жана баспанаға қол жеткіздім деп бөркін аспанға атып қуанған халықтың көп ұзамай тұрғын үйінің сапасына айтып жатқан сын-ескертпелері толастар емес.

«СЫР ЖАСТАРЫ» БАСПАНА МӘСЕЛЕСІН ШЕШЕ АЛА МА?

Былтыр Қызылорда облысында халықты жайлы әрі тиімді бағада баспанамен қамтуға негізделген ипотекалық «Сыр жастары» бағдарламасын іске қосу жобасы қолға алынғаны мәлім. Жана бағдарламаның шарты мен пайыздық мөлшерлемесі көпшіліктің көңілінен шықты деп айтуға болады. Содан да болар, тиімді жобаның шарапатын көруге үмітті жандардың қарасы қалың болды.

ҮЙ мен КҮЙ: ХАЛЫҚТЫ БАСПАНАМЕН ҚАМТУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?



Биылғы көктемде аталмыш бағдарлама шеңберінде бір топ отбасы жана қонысқа қол жеткізіп те үлгерді.

Негізінен, бір жыл көлемінде Отбасы банкі арқылы ұсынылған шарттарды орындап, жайлы баспанаға қол жеткізудің тиімділігі халық арасында кенінен түсіндірілді. Ел ішінде пайыздық мөлшерлемесі аз бағдарламаға қолдау танытқандар қатары көп болды. Бірақ бағдарлама шеңберінде тұрғын үйге қол жеткізу бәріне қолжетімді ме? Осы жайында ұйымдастырушылардан сұрап көрген едік.

«Бізге 2023 жылы осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін облыстық әкімдікке ұсыныспен шықтық. Яғни, 2023 жылдың 17 қаңтарында облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясымен қаржысы бекітілді. Соның нәтижесінде бірқатар қаржы арнайы бағдарлама жасакталды. Нақты айтқанда, 1 млрд 200 млн теңге көлемінде облыстан бюджеттік несие алып, банк тарапынан 500 млн теңге бөлінді. Осылайша, сол жылдың 18 шілдесінде кредиттік шартқа отырдық. Жалпы, 1 млрд 700 млн теңгеге 17 млн теңгенде есептеп, 100 пәтер берілуі көзделді. Осы орайда айта кету керек, бұл жобаның бір артықшылығы, мемлекеттік бағдарламаға кіретін азаматтардан бөлек өзге де топ өкілдеріне, яғни мемлекеттік бағдарламаға ілікпейтін түрлі салада еңбек ететін азаматтарға да үй алуға мүмкіндік қарастырылған. Атап айтқанда, санаттар бойынша денсаулық, білім, мәдениет және спорт саласы, ғылыми

қызметкерлер, журналистер, әлеуметтік сала қызметкерлері, сондай-ақ холдингтер мен ұлттық компания филиалдарының қызметкерлері, банк қызметкерлері мен қоғамдық тамақтану мен қызмет көрсету саласының мамандары да қамтылды. Ең бастысы, әрбір азаматқа 5 жыл көлемінде атында үй болмау талабы енгізілді. Осы азаматтар банк салымшысы атануы да міндетті. Бағдарламаның әкімшісі қоғамдық даму басқармасы болып бекітілді. Іріктеу осы басқарма арқылы жүзеге асырылады», — деп түсіндірді бұл жайында Отбасы банкі Қызылорда облыстық филиалының бөлім басшысы Шыңғыс Құттықов.

Бөлім басшысының айтуынша, бағдарлама аясында жана баспанаға банк салымшысы атанған аймақ тұрғындары ие бола алады. Конкурстан өткен адамдардың төлем қабілеті тексеріледі. Бұл тиісті жұмыстар облыс әкімдігі, қоғамдық даму басқармасы және Отбасы банкі арасындағы ұшжақты келісім негізінде жүзеге асып отырғанын ала тартты. Сондай-ақ бағдарламаның шартына сәйкес, әрбір салымшының кредиттік тарихы, төлем қабілеті тексеріледі. Бұған қоса, салымшының атында үй болмауы, айлық табысының мөлшері назарға алынып, берілетін үйінің кем дегенде 10 пайызы салынуы міндеттеледі. Осы талаптарды орындағандарға 5 пайыздық мөлшерлемемен 14-15 жылға

пәтер алуға мүмкіндік жасалады. Аталған жұмыстардың негізінде биыл алғашқы 60 адамға алтыс пәтерлі тұрғын үй табыс-талған. Бұл тұрғын үйдің құрылысын «Дәнекер» құрылыс компаниясы жүргізген. Жыл аяғына дейін қосымша Қызылорда қаласындағы СПМК шағынауданында құрылыс жүргізіліп жатқан 40 пәтерлі тұрғын үйді бағдарлама шеңберінде табыстау көзделіп отырғанын жеткізді.

тұрғындардың қуанышына куә болып жатамыз.

Бұл тұрғыда Қызылорда қаласы әкімдігінің мәліметіне сәйкес, биылғы облыс орталығында 3 911 пәтерлі 74 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде екен.

«Қала әкімдігі тарапынан тұрғындардың талап-тілегіне орай мақсатты шараларды жүзеге асырып, жайлы баспана ұсыну үшін көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысын қарқынды жүргізудеміз. Оның ішінде 3 139 пәтерлі 58 тұрғын үй бюджет есебінен, 772 пәтерлі 16 тұрғын үй жеке инвестициялар есебінен салынууда. Жыл соңына дейін 7 қабатты 10 үйдің жобасметалық құжаттары және сараптама қорытындысын алу жоспарлануда. Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты қолдауының негізінде және облыс әкімінің үйлестіруімен бұл бағыттағы жобалар сәтті жүзеге асырылып келеді. Соның нәтижесінде жыл басынан бері 1 300-ден астам отбасы қоныстойын тойлады. Жыл соңына дейін тағы 1 390 пәтер пайдалануға беріледі», — деп мәлімдеді бұл жайында Қызылорда қаласы әкімдігінің баспасөз қызметінен.

Алайда осы орайда құрылыстың санымен қоса, сапасына да мән берілсе деген талап-тілек бар. Себебі осы кезге дейін пайдалануға берілген тұрғын үйдің көбі кемшіліксіз салынбағаны ашы да болса шындық. Сыртқы көрінісі тотықұша тарапын, көз сүйсінетіндей өсем кейіпте болғанымен, ішкі сапасына айтылар сын толастар емес. Оны тұрғындардың талабынан аңғаруға болады. Сондықтан әрбір құрылыс нысанының сапасына кепіл болатын дүниелер ойластырған артық болмас еді.

Сарапшылардың уәжіне құлақ түрсек, мұндай келенсіздікті жою үшін алдымен құрылыс жобаларының сауатсыз дайындалуына жол бермеу қажет екені айтылады. Бұл тұрғыда өзіне жүктелген міндетті жұмысына салғырт қараған компанияларды құрылыс нарығынан аластау қажет. Осы арқылы тұрғын үйдің сапасын бағасына сай етіп тұрғызуға мүмкіндік жасалатыны жиі қозғалып жүр.

Сонымен қатар сарапшы мамандар тарапынан тұрғын үй саласына салықтық реттеу жүйесін жолға қою арқылы да көптеген қиындықтарды еңсеруге болатынын тілге тиек етеді. Соның нәтижесінде қарапайым халықтың тұрғын үйге қолжетімділігі артады. Әрі баға да халыққа тиімді деңгейге төмендейді. Сөйтіп, әрбір адамның өз үйі, жататын жері болып, баспана мәселесі шешімін табар еді. Сол сияқты жерді бұредіге келенсіздіктерге де жол берілмеуі керек. Сонда ғана үйлердің жүйесіз салынуына тосқауыл қойылып, қала көркі айшықтала түсетіні даусыз.

Тобықтай түйін: Нақты деректерге көз жүгіртсек, ипотекалық жүйені енгізу туралы шешім 2000 жылы қабылданған екен. Осының негізінде 2001 жылы «Қазақстандық ипотекалық компания» ААҚ құрылып, жұмыс істей бастады. Міне, тұрғын үй бағасының шарықтауы да осы кезеңнен бастау алады. Яғни, үйдің бағасы қымбаттауы арқылы белгілі бір мүдделі топтар халықты ипотекалық несие алуға мәжбүрлеп отыр. Егер ипотекалық жүйе жойылған күнде бүгінгідей бағасы шарықтаған үйді қарапайым халықтың сатып алуға қалтасы көтермегендіктен өтімсіз болып қалар еді. Сол себепті де оның бағасы өздігінен түсер еді. Бұл — бүгінгідей келенсіздіктерден шығудың басты жолы.

БІЛІМ НӘРІМЕН СУСЫНДАТҚАН

Бүгінде білім беру жүйесі заман талабына сай өзгеруде. Бұл ұстаздарымызға да, оқушыларымызға да біраз жауапкершілік жүктегендей. Оқушыларды білім нәрімен сусындатқан мұғалімдердің еңбегі орасан.

А **Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,**
Ұлытау облысы

— Бүгінде Ұлытау облысында барлығы 50, оның ішінде мемлекеттік 42, жекеменшік 8 балабақша жұмыс істейді. Қазір 2-6 жастағы балалардың балабақшамен қамтылу көрсеткіші 73 пайызды құрап отыр.

Өңірде 86 жалпы білім беретін мемлекеттік мектептің 39-ы қалада болса, 47-сі ауылдық жерде орналасқан. Сонымен қатар 2023 жылы ашылған 1 жекеменшік мектеп жұмыс істейді. Қазақ тілінде білім беретін мектептер саны — 58, аралас мектептер — 29.

2024-2025 оқу жылында мектеп оқушыларының контингенті 41 237 оқушыны құрады. Былтырғы жылмен салыстырғанда шамамен оқушы саны 1000 балаға көбейді, — дейді Ұлытау облысы Білім басқармасының мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру және тәрбие бөлімінің басшысы Венера Усерова.

Өңірде бірнеше жоба қолға алынды. Соның бірі «Педагогикалық шеберхана» деп аталады. Мақсаты — оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған коллаборация. Басты идеясы

болса жетекші және серіктес мектептердің жұмысын жүйелеу арқылы оқу сапасын көтеруге бағытталған мұғалімдердің ашықтық принципі негізінде коллаборативті мәдениет қалыптастыруға бағытталған бірлескен жұмыс.

— Жоба бойынша 5 тақырыптық сессия өткізілді. Сессияның негізгі бөлігі тікелей мектеп базасында мектеп басшысының жауапкершілігімен өтеді. Облыстық әдістемелік орталық тарапынан вебинар, семинар, конференциялар өткізілді. Сессия барысында 7 воркшоп, 8 әдістемелік семинар, 7 вебинар, сабаққа кіру, 4 дамытушы диалог, сабақты бақылау, сонымен қатар тренинг, дөңгелек үстел, челлендж және тағы да басқа шаралар ұйымдастырылды, — дейді Венера Усерова.

Тағы да бір жоба «Ұстаз — Ұлытау» деген атаумен жүргізілді. Жобаның мақсаты — өңірдегі білім беру деңгейінің сапасын арттыру. Ustaz Uluat қоғамдық қоры жобасы шеңберінде облыстағы 2 мектеп институционалды аккредитациядан өтті.

Сонымен қатар Сәтбаев қаласының 13 мектебінде профессор Ж. Қараевтың әдістемесі бойынша бағалау жүйесі ағылшын тілін деңгейлік оқыту енгізілді.

— 2024 жылдың 12-13 сәуір күндері «Заманауи білім: Трендер. Инновациялар. Жаңа мүмкіндіктер» II халықаралық ғылыми-практикалық

конференция өтті. Конференцияға облыс бойынша 300 педагог қатысты, 60 педагог іс-тәжірибесімен бөлісті. 6 педагог Ұлыбританияға тағылымдамаға жолдама алды, — дейді Венера Амангелдіқызы.

Мектепке дейінгі балалар бақшасында да түрлі жоба жүзеге асуда. Мысалы, «Серіктес бөбекжай» жобасын алып көрейік. Мұнда өсу нүктесін анықтау үшін МДҰ бағалау критерийлері жасалды. Нәтижесінде, 23 «Серіктес бөбекжай», 26 магниттік МДҰ таңдалды.

Ұлытау облысы Білім басқармасының мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру және тәрбие бөлімінің басшысы Венера Амангелдіқызының айтуынша, өлке тарихымен, тарихи ескерткіштермен терең танысып білу, ата-бабадан мирас болған ұлттық құндылықтардың қадір-қасиетін оқушы санасына ұлату үшін қолға алынған «Ұлылар мекеніне саяхат» жобасына қызығушылық білдіргендер саны артақ. Жоба аясында «Тарих LAND» өлкетану саяхаты ұйымдастырылып, Алаша хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Домбауыл кесенесі, Теректі әулие, Иманак тауына және Жезқазған тарихи-археологиялық музейі, М. Төреғалин атындағы Жезді тау-кен және балкыту ісі тарихы мұражайы, К.Сәтбаевтың мұражай-үйіне барып, көруге қол жетті.

— QYZYQ SABAQ идеясы: облыс оқушыларына күрделі (қиын) тақырыптар бойынша уақытылы (тікелей эфир арқылы) қолдау көрсету. Мақсаты — білім беру ұйымдарының сапасын қамтамасыз ету

ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНДА НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Соңғы жылдары құрылыс алаңына айналған Қызылорда қаласында тұрғын үй салу жұмыстары қарқын алып тұр. Жана шағынаудандар бой түзеп, сол жағалаудың ауқымы кеңейіп келеді. Бұған дейін 5 қабатты ғимараттар ғана салынатын өңірде, 7 қабатты тұрғын үй кешендері сап түзей бастады. Жылна екі рет жайлы баспанаға қол жеткізген



және білім мазмұнын жетілдіру, оқушыға бағытталған оқыту және оқу ортасын тиімді жоспарлау, педагогтердің озық тәжірибелерін тарату. Бұл жоба бойынша 131 сабақ өткізілді.

Сонымен бірге «Репетитор — оқушы» көшбасшы оқушылардың тьюторлығы, яғни құрдастары немесе өзінен кіші сыныптарда оқитын оқушыларға оқу мен тәрбиедегі қиындықтарды жеңуге көмектесу үшін арнайы жоба болатын. Мақсаты облыстық, республикалық пән олимпиадаларының, шығармашылық байқаулар мен спорттық жарыстардың жүлдегерлері, пәндер бойынша жоғары нәтиже көрсетіп жүрген үздік оқушылардың білім алуында позитивті оқу әдістерін оқушылар ортасында тарату еді, — дейді Венера Амангелдіқызы.

Қазір «еріктілер» деген сөз өміріміздің бір бөлшегіне айналғандай. Бұл сөзімізді «Педагог — волонтер» жобасы дәлелдей

түспек. Бұл жобаның басты идеясы — білімдегі оқылықтардың орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ерікті түрде сапалы жүргізу.

Ал мақсаты болса, табысты оқу ортасын құру, жекелеген оқушыларды оқуға ынталандыру және мұғалімдердің іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибесін жетілдіру.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы ел Президентінің тікелей тапсырмасы бойынша жүзеге асырылуда. Ұлытау облысында да 2023-2025 жылдар аралығында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде бір ауысымда 3 600 оқушы орнын қамтитын 6 мектеп салынады деп жоспарлануда. Оның үшеуі қалалық жерде, үшеуі ауылдық елді мекендерде салынатын болады. 2024 жылы Жезқазған қаласының Қабанбай батыр шағынауданында 300 орындық мектеп құрылысы жүріп жатыр, жоспар бойынша 2024 жылдың аяғында қолданысқа беріледі.

22 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ



ЖІГЕРІ МЫҚТЫ, РУХЫ АСҚАҚ



Еліміз егемендік алғалы бері паралимпиада ойындарында 18 медаль олжалапты. 1994 жылы Лиллехаммерде өткен VI Қысқы паралимпиада ойындарында ел қоржынына алғашқы жүлдені шаңғышы Любовь Воробьева салған болатын. Ал биылғы паралимпиаданың жөні тіптен бөлек: ел тарихындағы медальдардың жартысын, яғни 2 алтын, 3 күміс және 4 қоланы биылғы Париждегі Жазғы паралимпиадада еншіледік.

Әсет ҚАЛИ

ПАРАЛИМПИДАШЫЛАРДЫҢ БӘСІ БИІК БОЛДЫ

Жалпы, паралимпиада ойындарына қатысып келе жатқанымызға биыл 30 жыл толыпты. Әр дода сайын спортшыларымыздың көбейіп, еліміздің туын желбіретіп жүргені үлкен мақтаныш сезімін тудыртады. Алайда паралимпиадаға қатысқан спортшыларымыздың қоғам назарында еленбей қалып жатқандығын көзіміз шалуда. Әртүрлі көзқарас арасында бұл спортшыларға нәтижеге қарамастан үлкен құрмет, сый көрсетілуі тиіс деген пікір бар.

Еліміздің олимпиада спортшыларын қалай қарсы алғаны бәрінің есінде шығар. Бас-басына су жаңа автокөлік, 2-3 бөлмелі пәтерлер, жылқы атағандар мен асфальт салғандар да табылып жатты. Бұның бәрі – кәсіпкерлер, қала-аудан әкімдіктерінің берген сый-сияпаттары. Атап өтсек, Елдос Сметовке Lexus LX 600 автокөлігі, 2,6 млн теңге көлемінде ақшалай сыйақы, одан бөлек үш бөлмелі пәтердің кілті берілді. Күресшіміз Демеу Жадрев – 10 миллион теңге, боксшымыз Назым Қызыбай – 2 миллион теңге ақшалай сертификат пен үш бөлмелі пәтердің иесі атанды. Тіпті, жүлдеге бір табан қалып жеңілген дзюдошы Абиба Абужақынова мен алғашқы белдесуінде жеңілген Эсмигүл Куюлова да сыйсыз қалмады.

Ал осы уақытта Париж төрінде паралимпиадашыларымыздың жұлдызы жанып, еліміздің көк туын желбіретіп жатты. Қазақстанның Париждегі Олимпиададан (бір алтын, үш күміс, үш қола) төрі паралимпиададағы көрсеткіші жоғары болды.

«Әлемде дамыған елдер мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғаммен бір болып, ешбір кемсітудің өмір сүруі үшін паралимпиадада барын салады. Сол үшін біз де осы үрдістен қалмауымыз керек», – дейді Qazsport арнасында паралимпиада ойындарын жүргізген спорт комментаторы Олжас Байбосын.

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ ҚҰРСАҚ ИГІ

Рио–2016 Паралимпиадасы алдында Қазақстан паралимпиада комитетінің басшысы Қайрат Боранбаевтың ұсынысымен паралимпиада спорты олимпиада спорттарымен теңестірілген еді. Бүгінде елімізде паралимпиада жүлдегерлері олимпиадада медаль алған спортшылармен тең көлемде мемлекеттен ақшалай сыйақы алады: алтын медальға – 250 мың доллар, күміс медальға – 150 мың доллар, қола медальға – 75 мың доллар, 4-орынға – 30 мың доллар, 5-орынға – 10 мың доллар, 6-орынға – 5 мың доллар тағайындалған.

– Ақшалай сыйақы параспортшыларға көбірек қажет. Жеміспаз болған жағдайдың өзінде бәрібір



Ресми дерекке сүйенсек, қазір елде 56 мың мүгедек адам спортпен жүйелі түрде айналысады, 925 адам – параспорт түрлері бойынша ұлттық құраманың мүшесі. Үкімет 19 параспорт түріне (оның ішінде парадзюдо, бочча, голбол, отырып ойнайтын волейбол, үстел теннисі, 5x5 футбол бар) мемлекеттен қолдау көрсетіліп жатқанын айтты.

олардың емделуіне қаражат керек. Бірақ мемлекеттің пара спортқа көзқарасы жақсара бастағанымен, қоғамның пікірі де маңызды. Біздің қоғам параспортшыларды толыққанды спортшы деп қабылдамайтындай көрінеді. Паралимпиададағы жетістік қоғамда көп айтылмағаны сөз қынжылтты, – дейді спорт комментаторы Олжас Байбосын.

Пауэрлифтингтен паралимпиаданың екі дүркін чемпионы Давид Дегтярев паралимпиадашылардың жеңісі еленуі үшін қоғамның пікірін өзгерту керек дейді. Яғни, жастайынан бастап үйретуді құп санайды.

– Параспортшыларға деген көзқарасты бала кезден бастау керек деп ойлаймын. Еуропа, Азия секілді құрылыстарда біз секілді адамдарға көзқарас мүлде бөлек. Яғни, біздің елдермен салыстырсақ, айырмашылық сезіледі. Қарапайым халық бұны түсінбеуі мүмкін, бірақ біз оны қатты сеземіз. Тіпті, кейбір кездері біздің санаттағы адамдар далаға шығуға да ұялып жатады. Сыртта арбамен немесе дефектісі бар адам жүрсе халық оған басқаша қарайды. Сол себепті де ата-аналар балаларына денсаулығында кемшілігі бар адамдармен дұрыс байланыс құру екенін көрсетсе, қоғам мүмкін жақсы өзгереді, – дейді параспортшы.

Осы орайда Токио мен Париж Паралимпиадасында жүзден қола және күміс медаль иеленген Нұрдаулет Жұмағали да «Бірінші бол» подкасына берген сұхбатында: «Бізде тек бокс пен күрес спорты бар сияқты сезім болады. Халықтың қабылдауы сондай. Көп адам жүзу спортын түсіне бермейді. Мемлекет халыққа жүзу сияқты басқа спорттардың да барын көрсетсе дейсің», – деп көкейде жүрген ойын айтқан болатын.

Ресми дерекке сүйенсек, қазір елде 56 мың мүгедек адам спортпен жүйелі түрде айналысады, 925 адам – параспорт түрлері бойынша ұлттық құраманың мүшесі. Үкімет 19 параспорт түріне (оның ішінде парадзюдо, бочча, голбол, отырып ойнайтын волейбол, үстел теннисі, 5x5 футбол бар) мемлекеттен қолдау көрсетіліп жатқанын айтты.

ПАРАСПОРТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ БАЛАЛАРДАН БАСТАЛАДЫ

Рио және Сочи Паралимпиадаларынан хабар таратқан спорт журналисі Аян Төлеген қоғам мен мемлекет параспортшыларға ғана емес, мүгедек адамдардың бәріне бірдей жағдай жасауға тырысса, ізгілікті қоғам құрылады деп санайды.

– Параспортты олимпиада спортымен теңестіру арқылы мемлекет алғашқы қадам жасады. Ендігі қадам – параспортты шын ниетпен насихаттау керек. Бұл жайлы Президент, Премьер-Министр, әкімдер жиі айтуы тиіс. Елдегі кез келген спорт кешеніне мүгедек адамдар келіп, спортпен айналыса алатындай жағдай жасауымыз керек. Ол адамдар жеті күн бойы спорт залда жүрмейді ғой. Сондықтан олар өздерін қоғамның толыққанды мүшесі сезінуі үшін қоғамдық орындарда, сауда орталықтарында, көшеде жүре алатындай инфрақұрылым жасау қажет, – деді ол.

Бұл тұста балаларды да ұмыт қалдырмаған жөн. Расында, параспортқа қамқорлық балалар параспортынан басталса игі.

– Елімізде паралимпиададан балалар спорты жоқ. Біздің елімізде балалар параспортынан елшілік жарыстар, өкінішке қарай жоқтың қасы. Жалпы, мемлекет осы мәселеге басты назар аударса деймін. Өз тәжірибемде дзюдоны паралимпиада спортшысы ретінде тек 2021 жылы ғана бастадым. Оған дейін көзіміз үйренген кәдімгі дзюдомен айналыстым. Оның өзінде ересектер тобында жүріп бастадым. Денсаулығында ақауы бар жас балалардың да спортпен айналысуға жігері өте көп. Соған жағдай жасау керек – дейді дзюдодан паралимпиада чемпионы Акмарал Науатбек.

Ақмаралдың сөзіне, соңғы жылдары паралимпиада спорты біртіндеп дамып, параспортшылардың саны да тұрақты түрде өсіп келеді. Мысалы, парадзюдо бойынша 2016 жылы небәрі 1 спортшы болса, биыл олардың саны 10-ға жетті. Параспорттың дамуына үлкен ықпал етуші факторлардың бірі – медиа саласы.

– TikTok, Instagram секілді әлеуметтік желілер арқылы біздің парақшаларымызға көп көрермен тартылады, ал бұл өз кезегінде параспорттың әртүрлілігін көрсетіп, оқырмандардың қызығушылығын арттыруда, – дейді А.Науатбек.

19 қазанда Республика күніне орай «Отандастар қоры» КЕАҚ ұйымдастыруымен ҚР-ның Германияның Франкфурт қаласындағы Бас консулдығы және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен мерекелік шара өтті.

«САЗГЕН САЗЫ» – ФРАНКФУРТТЕ



Dr. Hoch's консерваториясының көркем сахнасында Алматы қалалық Мәдениет басқармасына қарасты «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі өнер көрсетті. Бұл шара қазақтың бай рухани мұрасын дәріптеуге және ұлттық өнерді халықаралық деңгейде танытуға арналды.

Франкфурт қаласындағы ҚР-ның Бас консулы Тауболды Үмбетбаев өз сөзінде қазақ мәдениетін халықаралық қауымдастықпен бөлісудің Қазақстан мен Германия арасындағы мәдени байланыстарды нығайтудағы маңызды рөлін ерекше атап өтті. Ол екі ел арасындағы достық қарым-қатынастардың мәдени алмасу арқылы дамып, қазақ және неміс халықтарының өзара түсіністігі мен ынтымақтастығын арттыруға ықпал ететінін баса айтты. Бас консул осындай мәдени іс-шаралардың елдер арасындағы достық көпіріне айналып, рухани құндылықтарды бағалауда ерекше орын алатынын жеткізді.

«Сазген сазы» ансамблінің орындауында қазақтың терең тарихын, кең даласын, ұлы мұрасын паш ететін ән-күйлер мен әлемдік классика туындылары орындалды. Ансамбльдің көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бағдат Тілегеновтің құрған бағдарламасында көрермен Хамидидің «Бұлбұл» әнін Надия Наденованың нәзік даусында тындап, Делибтің әсерлі «Испандық балеросы», Имре Кальманның «Сильва ариясы» сынды шығармалардың орындалуынан ерекше рухани ләззат алды. Сазсырнаймен Эльмира Кашкимбаева орындаған «Жетісу» күйі көрерменнің жүрегің тебіртті, ал Жәніс Ержанов шырқаған халық әні «Жәриям айдай» қазақтың рухани әлемін аша түсті. Қобызда Гүлназ Ноғайбаева орындаған В.Монтидің «Чардашы» мен домбырада Сымбат Әлімбетова орындаған В.Моцарттың «Түрік маршы» концертке ерекше әуенді бояу қосты.

Концертке 300-ге жуық көрермен жиылды. Олардың қатарында қазақ диаспорасының өкілдері, жергілікті тұрғындар, дипломаттар мен этникалық музыкаға ынтызар жанкүйерлер болды. Германияның 14 қаласынан, сондай-ақ Чехия мен Норвегиядан арнайы келген шетелдегі отандастар мен этникалық қазақтар бұл шараны рухани Отандарымен қайта қауышудың символы деп бағалап, қазақтың ұлттық өнеріне деген шынайы сүйіспеншіліктерін білдірді.

«Отандастар қорының» КеАҚ президенті Данияр Қадыров концерттің табысты өтуіне қолдау көрсеткен барша қауымға алғыс білдіре отырып, осындай іс-шаралардың қазақ өнерін дәріптеудегі маңызын ерекше атап өтті. Сонымен қатар мұндай шаралардың шетелде қазақ мәдениетін әлемге танытудағы және диаспораның рухани бірлігін нығайтудағы ерекше рөліне тоқталды.

С.БЕГІМБАЙ

NUR MEDIA
МЕДИА ХОЛДИНГІ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынбай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4512
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,